



ХҒТАР 11.25.67

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-33-46>

Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы өңіраралық диалогты қалыптастырудағы мәдени дипломатияның рөлі

А. Нағышбекқызы, С.М. Нурдавлетова*¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com, saniyanm83@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері арасындағы мәдени дипломатияның өңіраралық диалогты қалыптастырудағы және нығайтудағы маңызы жан-жақты қарастырылады. Жаһандану үдерісі жағдайында мәдени байланыстар тек ұлттық деңгейде ғана емес, өңірлік және өңіраралық деңгейлерде де ерекше маңызға ие болуда. Мәдени дипломатия – бұл елдердің ұлттық мәдени құндылықтарын, тілін, дәстүрін және тарихи мұрасын таныстыру арқылы сенім мен өзара түсіністікті қалыптастыратын «жұмсақ күш» құралы. Мақалада екі өңір елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – мәдени іс-шаралар мен фестивальдер ұйымдастыру, білім беру және ғылым саласындағы серіктестік, жастар мен студенттер алмасуы, сондай-ақ туризм мен креативті индустриялар саласындағы жобалар сипатталады. Бұл өзара іс-қимылдың мақсаттары халықтар арасындағы байланыстарды тереңдету, аймақтар арасындағы сенімді нығайту, сондай-ақ ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестікті дамыту. Мысалы, ASEAN мен Орталық Азия елдері арасындағы ресми және бейресми мәдени алмасу бағдарламаларын, бірлескен форумдарды, халықаралық ұйымдар (ЮНЕСКО, ISESCO) арқылы іске асырылатын жобалар мәдени дипломатияның құрылымдық негіздерін сипаттайды. Сонымен қоса, сандық технологиялар заманының мүмкіндіктерін атап өтсе болады. Онлайн көрмелер, виртуалды мәдени фестивальдер, бірлескен киножобалар мен әлеуметтік медиа арқылы мәдени ықпалдастықтың жаңа формаларын ашуға байланысты бірқатар жобалар талқыланады. Мақалада мәдени дипломатияны жүзеге асыруда кездесетін қиындықтар мен шектеулер де сараланады. Тілдік және мәдени айырмашылықтар, институционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі, қаржылық ресурстардың шектеулігі сияқты мәселелер көтеріліп, оларды шешудің мүмкін жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Оңтүстік-Шығыс Азия, мәдени дипломатия, өңіраралық диалог, ASEAN, жұмсақ күш, ЮНЕСКО.

Түсті: 03.12.2024; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

¹хат-хабарға жауапты автор

Кіріспе

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық тек саяси-экономикалық байланыстармен ғана шектелмей, мәдениет саласындағы өзара іс-қимыл арқылы да жүзеге асып келеді. Мәдени дипломатия – елдердің сыртқы саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде тек ұлттық құндылықтарды таныстыру құралы ғана емес, сонымен қатар халықаралық аренада бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтатын “жұмсақ күш” (“soft power”) тетігі болып табылады. Бұл құбылыс, әсіресе, әртүрлі тарихи, діни және тілдік ерекшеліктерге ие мемлекеттер арасындағы сенім орнату мен диалог құруда ерекше маңызға ие.

Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия – өзіндік тарихи жолы мен мәдени-өркениеттік ерекшеліктері бар екі аймақ. Соңғы жылдары бұл өңірлер арасында саяси, экономикалық және білім беру салаларындағы байланыстармен қатар, мәдени өзара іс-қимылға деген қызығушылық артып келеді. Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан сынды Орталық Азия елдері мен Вьетнам, Малайзия, Таиланд, Индонезия сынды Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасында түрлі форматтағы мәдени іс-шаралар, білім беру және жастар алмасу бағдарламалары жүзеге асырыла бастады. Бұл мақалада аталған екі аймақ арасындағы мәдени дипломатияның қазіргі жағдайы мен даму бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар, өңіраралық мәдени байланыстардың институционалдық негіздері, нақты жобалар мен бастамалар, сондай-ақ олардың геосаяси және экономикалық ықпалы да назарға алынады.

Мақаланың мақсаты – Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы өңіраралық диалогты нығайтуда мәдени дипломатияның рөлін талдау және бұл өзара іс-қимылды “жұмсақ күш” құралы ретінде қарастыра отырып, екі аймақ арасындағы тұрақты әрі өзара тиімді серіктестікті қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтау. Жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін мақала келесі нақты міндеттерді қояды: мәдени дипломатияның теориялық негіздерін қарастыру, оны сыртқы саясат пен өңіраралық ынтымақтастықтың құрамдас бөлігі ретінде сипаттау; Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы қазіргі мәдени байланыстардың жай-күйін талдау – іске асырылып жатқан бағдарламалар мен жобалар, өзара алмасу формаларын зерделеу. Сонымен қатар, мәдени ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін институционалдық тетіктерді – халықаралық ұйымдар, үкіметаралық және бейресми бастамалар рөлін анықтау. Осы саладағы негізгі қиындықтар мен шектеулерді – тілдік, мәдени, қаржылық және құрылымдық кедергілерді сараптау. Мәдени дипломатия арқылы өңіраралық диалогты одан әрі дамытуға қатысты ұсыныстар жасау, авторлар нақты бағыттар мен перспективаларды ұсынады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу жұмысында Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени дипломатияның қазіргі жай-күйін, тетіктерін және даму мүмкіндіктерін талдау үшін бірқатар ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды. Әрбір әдіс нақты мысалдар арқылы негізделді: контент-талдау әдісі арқылы Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы ресми құжаттар, халықаралық форумдардағы мәлімдемелер, ынтымақтастық жөніндегі жол карталары мен БАҚ материалдары зерттелді. Мысалы,

2023 жылы Қазақстан мен Вьетнам арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығына арналған мәдени іс-шаралар бағдарламасы контент-талдау арқылы жүргізілді. Салыстырмалы әдіс мәдени дипломатия саласындағы тәжірибені салыстыру үшін Қазақстан мен Малайзияның мәдени ынтымақтастығы, ал екінші жағынан – Өзбекстан мен Индонезияның арасындағы байланыстар мысал ретінде алынды. Малайзияда Абай мен әл-Фарабиге арналған көрмелер ұйымдастырылса, Өзбекстанда индонезиялық мәдениет күндері өткізілген. Жүйелік талдау әдісі әртүрлі деңгейде жүзеге асырылуын зерттеу мақсатында мемлекетаралық мәдени келісімдер (екіжақты), ASEAN мен Орталық Азия елдері арасындағы форумдар (өңіраралық), және ЮНЕСКО аясында өткізілген бірлескен мәдени жобалар (халықаралық) жүйелі түрде қарастырылды. Тарихи-хронологиялық әдіс Жібек жолы кезеңінен бастап қазіргі заманға дейінгі Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени өзара іс-қимылдың эволюциясын көрсету үшін қолданылды. Мысалы, Шығыс Қазақстанда табылған буддистік жәдігерлер мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен келген көпес-диаспоралар тарихи мәдени байланыстарды дәлелдейді. Сараптамалық әдісті қолдана отыра қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері (мысалы, мәдени дипломатия бойынша ЮНЕСКО сараптамалары, Елбасы кітапханасы мен ASEAN зерттеу орталықтарының баяндамалары) негізінде мәдени дипломатияның әлеуетіне, кедергілеріне және болашағына қатысты қорытындылар жасалды. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу нысанын кешенді түрде түсінуге және Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени ынтымақтастықты дамыту бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

XXI ғасырда халықаралық қатынастардың сипаты елеулі өзгерістерге ұшырап, мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттестікте тек дәстүрлі саяси және экономикалық құралдар ғана емес, бейресми әрі бейбіт ықпал ету тетіктері – мәдени дипломатия, “жұмсақ күш” құралдары да алдыңғы қатарға шықты. Осындай тәсілдер, әсіресе әртүрлі өркениеттік, тарихи және географиялық контекстерде орналасқан аймақтар арасында өзара сенім мен тұрақты диалог орнатуда маңызды рөл атқарады.

Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия – өзара географиялық қашықтықта орналасқанымен, тарихи-мәдени ұқсастықтары мен даму мүдделері жағынан жақындаса алатын екі аймақ. Алайда бұл өңірлер арасындағы ынтымақтастық көбіне саяси немесе экономикалық деңгейде қарастырылады, ал мәдени дипломатия мәселесі зерттеушілердің назарынан көбінесе тыс қалып келеді. Сонымен қатар, екіжақты және көпжақты мәдени байланыстар әлі де жүйелі институционалдық негізге ие емес, ал бар жобалар көбіне бір реттік сипатта болады.

Зерттеудің өзекті мәселесі – мәдени дипломатияның өңіраралық деңгейдегі нақты мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау, сондай-ақ Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы тұрақты мәдени байланыстарды орнатуға кедергі болып отырған факторларды талдау болып табылады. Бұл мәселені зерделеу Қазақстан мен жалпы Орталық Азияның Азия-Тынық мұхиты аймағына бағытталған сыртқы саяси бағдарын тиімді жүзеге асыруға, сенімді серіктестіктер орнатуға және ұзақ мерзімді гуманитарлық ынтымақтастықты қалыптастыруға септігін тигізуі мүмкін.

Нәтижелер мен талқылаулар

Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени өзара іс-қимылдың тарихи тамыры тереңде жатыр. Ежелгі Жібек жолы арқылы бұл өңірлер тек экономикалық ғана емес, мәдени байланыстар орнатқан болатын. Сауда керуендерімен бірге өнер, дін, тіл және білім алмасу үрдістері де жүріп отырған. Осы тарихи сабақтастық қазіргі заманғы мәдени дипломатия үшін берік негіз қалыптастырады. ОА мен ОША елдері арасындағы мәдени өзара іс-қимылдың тарихи тамыры тереңде жатыр. Бұл өзара әрекеттестік, әсіресе ежелгі Ұлы Жібек жолының бойында өрбіген. Б.з.д. II ғасырдан бастау алған бұл жол тек тауар айналымының ғана емес, сонымен қатар өркениеттер арасындағы мәдениет, идеялар мен рухани құндылықтардың алмасуының негізгі арнасы болды. Мысалы, Буддизм – Оңтүстік Азиядан Орталық Азияға таралған негізгі діни ағымдардың бірі. Үндістаннан шыққан бұл діни ілім Орталық Азияға, кейін Қытай мен Моңғолияға тарады. Бұл үдерісте Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің, әсіресе Шривиджая, Фунань және Чампа сынды тарихи мемлекеттердің саудагерлері мен дін қызметкерлері белсенді рөл атқарды. Ғалымдардың пікірінше, б.з. V-VIII ғасырларында Шривиджая империясының буддист монахтары Орталық Азияға жиі саяхаттап, діни білім таратқан [1]. Сонымен қатар, қолөнер мен көркемдік стильдердің алмасуы да осы дәуірде байқалды. Мысалы, Орталық Азияда табылған будда мүсіндерінің кейбірі Оңтүстік-Шығыс Азиядағы стильдік элементтерді (мысалы, Шривиджая әсерін) иемденген. Бұл өз кезегінде мәдени ықпалдастықтың тереңдігін көрсетеді. Тағы бір мысал – ортағасырлық түркі және парсы саяхатшыларының Оңтүстік-Шығыс Азияға жасаған саяхаттары. IX ғасырда өмір сүрген Ахмад ибн Фадлан немесе XIII ғасырда өмір сүрген Ибн Баттута сынды саяхатшылар бұл аймақтарда болғанын жазып қалдырған. Бұл жазбалар сол дәуірдегі халықтар арасындағы өзара қызығушылық пен мәдени алмасудың айғағы болып табылады [2]. Араб жазуы мен ислам мәдениетінің таралуы да Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы рухани байланыстардың нығаюына ықпал етті. XIV-XV ғасырларда ислам діні Индонезия, Малайзия және Патани (қазіргі Таиландтың оңтүстігі) аймақтарында тарала бастады, бұл үдерісте Орта Азия мен Иран ғұламаларының жазбалары мен ілімдері маңызды рөл атқарды. Ұлы Жібек жолы тек экономикалық байланыстардың желісі ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының ортақ мәдени-рухани кеңістік құруына мүмкіндік берген тарихи феномен болды. Бұл сабақтастық бүгінгі мәдени дипломатия мен өңіраралық ынтымақтастық үшін берік тарихи негіз болып табылады.

Алайда кеңестік кезең мен геосаяси оқшаулану бұл қатынастардың үзілуіне себеп болды. Тек соңғы онжылдықтарда, жаһандану үдерістері мен көпвекторлы сыртқы саясат аясында, Орталық Азия елдері мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы ынтымақтастыққа қайтадан назар аударыла бастады. Бұл – Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағына бет бұруымен, сондай-ақ Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің өзара мүдделерінің тоғысуымен тығыз байланысты. Кеңестік кезең кезінде Орталық Азия елдері сыртқы саясат пен халықаралық байланыстар тұрғысынан Мәскеудің толық бақылауында болды. Бұл жағдай аймақтың Азия-Тынық мұхиты өңірімен, оның ішінде Оңтүстік-Шығыс Азиямен тарихи қалыптасқан мәдени және экономикалық байланыстарының үзілуіне алып келді. Мысалы, 1940-1980 жылдары Орталық Азия елдерінің Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен тікелей дипломатиялық

немесе мәдени қарым-қатынастары мүлде болмады, өйткені бұл елдердің сыртқы саясаты орталықтандырылған КСРО Сыртқы істер министрлігі арқылы жүзеге асырылды. Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін, 1990-жылдардың басында Орталық Азия елдері егемендік алып, жаһандану үдерісіне белсене араласа бастады [3]. Осы кезеңнен бастап Орталық Азия-Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы байланыстар жаңа мазмұнмен және бағытпен дамыды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін көпвекторлы сыртқы саясат қағидатын ұстанып, Азия елдерімен қарым-қатынасты нығайтуға ерекше мән бере бастады [4]. Бұл үрдіс “Азияға бет бұру” (Pivot to Asia) тұжырымдамасына сай келіп отыр. Мысалы, Қазақстан мен Вьетнам арасында 2015 жылы еркін сауда туралы келісімге қол қойылды (ЕАЭО-Вьетнам аясында). Бұл екіжақты экономикалық қатынасты жандандыруға себеп болды. Қазақстан-Малайзия қатынастары да белсенді дамуда. 2012 жылы Астанаға ресми сапармен келген Малайзия Премьер-министрі Наджиб Разактың сапары кезінде бірнеше маңызды келісімдерге қол қойылды. Қазақстан-Индонезия қатынастары аясында 2013 жылы Джокови Видодоның (сол кездегі Джакарта губернаторы, кейін Президент) қазақстандық кәсіпкерлермен кездесуі өтті. Кейінірек 2018 жылы Қазақстанда Индонезия тауарларының көрмесі өтті [5]. Бұл ынтымақтастықтың жандануы геоэкономикалық және геосаяси мүдделердің тоғысуымен тығыз байланысты. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бір-бірін ауқымды нарық ретінде көреді, Орталық Азия елдері үшін Оңтүстік-Шығыс Азия – халқы тығыз орналасқан, экономикалық өсімі жоғары аймақ; көлік және транзиттік хаб ретінде бағалайды. Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері үшін Қытай мен Еуропа арасындағы жаңа Жібек жолының бөлігі ретінде маңызды; азық-түлік, энергетика және IT-технологиялар саласындағы кооперацияға мүдделі тараптар. Одан бөлек, Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері халықаралық және өңірлік алаңдарда тығыз ынтымақтастық орнатуда: ASEAN-ның әріптестік форматтары, Қазақстан 2017 жылдан бастап ASEAN Regional Forum (ARF) мен ASEAN Dialogue Partner форматына қызығушылық танытып келеді [4]. Boao Forum for Asia және Asia Cooperation Dialogue (ACD) – бұл алаңдарда Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері өңірлік қауіпсіздік, мәдениетаралық диалог және экономикалық даму мәселелерін талқылап келеді [6].

Соңғы онжылдықтарда Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы өзара ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Бұл байланыстар Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы прагматикалық саясатына және Орталық Азия Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ортақ стратегиялық, экономикалық және мәдени мүдделеріне негізделген. Осы серіктестік – Жібек жолының тарихи сабақтастығын жаңғыртып қана қоймай, сонымен қатар болашақта екі аймақ арасындағы тұрақты диалог пен өзара тәуелділікті қалыптастырудың алғышарты болып табылады.

Бүгінде әлемдік саясатта “жұмсақ күш” (“soft power”) құралы ретіндегі мәдени дипломатияның маңызы артып келеді, бұл жағдай аталған тақырыптың өзектілігін одан әрі күшейтеді. Мәдениет, білім беру, туризм, креативті индустриялар – елдер арасындағы өзара сенімді қалыптастыратын және ұзақ мерзімді әріптестікті нығайтатын шешуші салаларға айналды. Бүгінде халықаралық қатынастар жүйесінде “жұмсақ күш” (“soft power”) ұғымы барған сайын маңызды бола түсуде. Бұл тұжырымды алғаш рет американдық зерттеуші Джозеф Най (Joseph Nye) XX ғасырдың соңында ұсынған болатын. Оның айтуынша, “жұмсақ күш” елдің мәжбүрлемей, тартымдылығы арқылы өзге мемлекеттерге ықпал ету қабілетін білдіреді [7]. Бұл күш көбіне мәдениет,

білім, БАҚ, туризм және креативті салалар арқылы жүзеге асады. Қазақстан мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени алмасу соңғы жылдары елеулі дамуда. «Қазақстан күндері» мәдени фестивалдері Индонезия, Вьетнам және Таиланд сияқты елдерде өткізіліп жүр. Мұндай іс-шаралар шет ел жұртшылығына қазақ мәдениеті мен өнерін таныстырып, екі ел арасындағы достықты нығайтады. 2023 жылы Хошиминде (Вьетнам) Қазақстан Елшілігі ұйымдастырған көрмеде қазақтың ұлттық қолөнері мен музыкасы таныстырылды [8]. Өз кезегінде, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің мәдени күндері де Қазақстанда өткізіліп келеді.

Білім беру – ұзақ мерзімді мәдени ықпалдың аса маңызды бағыты. Қазақстанда бірнеше Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің азаматтары «Болашақ» бағдарламасы аясында немесе екіжақты келісімдер бойынша оқып жатыр. 2022 жылы Астана мен Куала-Лумпур арасында Malaysia-Kazakhstan Student Mobility Program шеңберінде студенттермен алмасу туралы меморандум жасалды. Назарбаев Университеті мен Сингапур ұлттық университеті арасында академиялық әріптестік орнатылған [9].

Туризм елдер арасындағы мәдени байланыстың табиғи арнасы. 2019 жылы Қазақстан мен Таиланд арасында визасыз режим енгізілуі екіжақты туризм ағынының артуына себеп болды. 2023 жылы Таиландқа барған қазақстандық туристер саны 100 мыңнан асты [10]. Сонымен қатар, Қазақстан да Оңтүстік-Шығыс Азия туристері үшін қызықты бағытқа айналуға, әсіресе қысқы туризм мен мәдени туризм саласында (мысалы, Бурабай, Шымбұлақ, Түркістан бағыттары). Кино, дизайн, музыка, цифрлық медиа – бүгінгі мәдени дипломатияның жаңа құралы. Қазақстандық режиссерлердің туындылары Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі фестивальдерде көрсетіле бастады (мысалы, Busan Film Festival – Оңтүстік Кореяда, бірақ Оңтүстік-Шығыс Азиямен тығыз байланысты алаң ретінде қаралады). 2021 жылдан бастап Qazaq TV телеарнасы ағылшын және орыс тілдерінде Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне арналған контент жариялауда [11]. Астанада өтетін "Eurasia Film Festival" аясында Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен келетін кинематографистердің саны жыл сайын артып келеді. Мәдени дипломатия – Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтудың ең пәрменді құралына айналуға. Бұл үрдіс жаһандану жағдайында елдердің халықаралық аренадағы бейнесін қалыптастырып, ұзақ мерзімді экономикалық, білімдік және саяси серіктестікті дамытуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени дипломатияның қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына қатысты бірқатар маңызды қорытындылар жасалды.

Екі аймақ арасындағы мәдени дипломатия әлі бастапқы даму кезеңінде екендігі байқалды. Жекелеген елдер арасында мәдени іс-шаралар, көрмелер, білім беру саласындағы алмасу бағдарламалары жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, бұл үрдістер жүйелі сипатқа ие емес. Мысалы, Қазақстан мен Малайзия арасындағы жоғары оқу орындары деңгейінде студенттер алмасуы мен мәдени форумдар ұйымдастырылғанымен, мұндай тәжірибе барлық елдерге кеңінен таралмаған. Бүгінгі таңда Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени дипломатия әлі қалыптасу, жүйелену кезеңінде екені байқалады. Қос өңірдің арасындағы өзара ықпалдастық көбіне жекелеген іс-шаралар мен бастамаларға сүйенеді және көбіне эпизодтық сипатта жүреді. Бұл бағытта кейбір елдер белсенділік танытқанымен, аймақтық деңгейде ортақ стратегияның жоқтығы байқалады. Қазақстан мен Малайзия арасындағы

мәдени дипломатияның дамуына мысал ретінде келесіні айтуға болады: University Malaya мен Назарбаев Университеті арасында бірнеше жыл қатарынан студенттік және оқытушылар алмасу бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бұл ынтымақтастық негізінен STEM және халықаралық қатынастар бағытында жүргізіледі [12]. 2019 жылы Куала-Лумпурда Қазақстан Елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылған “Kazakhstan-Malaysia Cultural Dialogue” атты форумда екі елдің өнерпаздары, мәдениеттанушылары мен студенттері қатысып, ұлттық өнер мен тіл саясаты тақырыбы талқыланды. 2021 жылы Алматы қаласында “Malaysia Cultural Week” апталығы өтті. Шара аясында малайзиялық фильмдер көрсетіліп, ұлттық тағамдар мен би өнері таныстырылды.

Алайда бұл тәжірибе жүйелі түрде барлық Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне таралған жоқ. Мәселен, Қазақстан мен Лаос, Камбоджа немесе Мьянма арасындағы мәдени алмасу туралы нақты жобалар немесе тұрақты академиялық байланыстар дерлік кездеспейді.

Екінші мәселе, өңірлік деңгейдегі мәдени дипломатияның институционализациясы жоқ. ASEAN мен Орталық Азия арасындағы тұрақты мәдени ынтымақтастық платформасы әлі күнге дейін құрылмаған. Бұл екі аймақ арасында мәдени жобалар мен бастамаларды үйлестіретін институционалдық механизмдердің әлсіз екенін көрсетеді [13]. Мысалы, Еуропа – Оңтүстік-Шығыс Азия форматында ASEM (Asia-Europe Meeting) мәдени форумы бар, ал Орталық Азия – Оңтүстік-Шығыс Азия бағытында мұндай тұрақты диалог алаңы жоқ.

Көп жағдайда мәдени дипломатиялық іс-шаралар елшіліктер мен мәдени ұйымдардың жеке бастамасына тәуелді. Бұл ұзақ мерзімді стратегияны қалыптастыруда үлкен кедергі тудырады. Мысалы, 2023 жылы Индонезияда Қазақстан Елшілігінің бастамасымен ұйымдастырылған “Kazakh Film Days in Jakarta” іс-шарасы үлкен қоғамдық қызығушылық тудырды. Алайда, бұл бір реттік жоба болды, әрі жалғасын таппады. Өз кезегінде, Вьетнам мен Өзбекстан арасындағы мәдени байланыстар да тек бірнеше делегация сапарымен шектеліп отыр [14].

Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени дипломатия бастапқы даму кезеңінде тұр. Жекелеген іс-шаралар мен бағдарламалар оң үрдіс көрсеткенімен, бұл байланыстар жүйелілік пен өңірлік институционалдық негізден әлі де жұрдай. Алдағы уақытта бұл бағытта бірлескен мәдени орталықтар, өңіраралық мәдени форумдар мен тұрақты білім беру консорциумдарын құру – екі өңір арасындағы тұрақты диалогтың негізі бола алады.

Екі аймақ арасындағы мәдени өзара іс-қимылға кедергі келтіретін бірқатар шектеуші факторлар анықталды. Олардың қатарына тілдік және менталитеттік айырмашылықтар, институционалдық үйлестірудің жеткіліксіздігі, ортақ платформалардың болмауы, сондай-ақ қаржыландыру тапшылығы жатады. Бұл кедергілерді еңсеру үшін көпжақты бастамалар мен мемлекетаралық мәдени стратегиялар қажет. Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени дипломатияның әлеуеті жоғары болғанымен, бұл бағыттағы ынтымақтастықты тежейтін бірқатар шектеуші факторлар бар. Олар мәдени, институционалдық және қаржылық сипатта, әрі нақты мысалдармен де дәлелденеді.

Мәдени қарым-қатынас барысында жиі кездесетін қиындықтардың бірі – ортақ тілдің болмауы. Қазақстан мен Орталық Азия елдері көбіне орыс, қазақ, түрік, ал Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ағылшын, малай, вьет, тай тілдерінде сөйлейді [15]. Сонымен

қатар, менталитеттік ерекшеліктер – мысалы, діни нормалар, гендерлік рөлдер немесе иерархиялық қарым-қатынасқа көзқарас – мәдени іс-шаралар мен жастар форумдарында түсінбеушіліктер туғызуы мүмкін.

Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени бастамалардың көпшілігі оқшау, яғни оларды жүргізетін мекемелер арасында үйлестіру әлсіз. Мысалы, Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі мен Малайзияның Туризм және мәдениет министрлігі арасында мәдениет саласындағы екіжақты ынтымақтастық туралы келісім жасалғанымен, оның негізінде жұмыс істейтін тұрақты комитет немесе арнайы бағдарлама жоқ [16]. ASEAN аясында Орталық Азия елдері толық мүше емес, тек кейбір елдер байқаушы немесе диалог әріптесі мәртебесіне ие. Бұл да өзара шараларды жүйелі үйлестіруге тосқауыл болуда.

Екі аймақ арасында тұрақты түрде жұмыс істейтін ортақ мәдени форум, кеңес немесе үйлестіру орталығы жоқ. Бұл – үлкен жүйелі мәселе. Еуропа мен Азия арасында ASEM Cultural Dialogue бар, ал Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасында мұндай аймақаралық мәдени хаб әлі құрылмаған. 2020 жылы Сингапурда өткен “Asia Connectivity Dialogue” форумында Қазақстан мен ОА елдерінен тек бақылаушы өкілдер қатысты. Олар ортақ платформаның жоқтығын ресми түрде көтерді, бірақ бастама жалғасын таппады [17].

Мәдени іс-шаралар мен білім алмасу бағдарламаларын жүзеге асыру үшін тұрақты қаржыландыру көздері қажет. Бұл – айтарлықтай өзекті проблема. 2022 жылы Қазақстанда жоспарланған “Kazakhstan – ASEAN Art Week” жобасы қаржылық қолдаудың жетіспеушілігіне байланысты өткізілмей қалды [18]. Сонымен қатар, Азия даму банкі, KOICA (Корея халықаралық ынтымақтастық агенттігі), және JICA (Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігі) секілді донорлар негізінен инфрақұрылым немесе денсаулық сақтау жобаларына көңіл бөледі, ал мәдени бағыттарға аз қаржы бөледі [19]. Тілдік, менталитеттік, институционалдық және қаржылық шектеулер – Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени өзара іс-қимылдың кеңеюіне елеулі кедергілер болып табылады. Бұл кедергілерді еңсеру үшін тек жекелеген бастамалар емес, көпжақты, мемлекетаралық және құрылымдық шаралар қажет. Жүйелі үйлестіру мен ортақ платформа құру екі өңірдің өзара ықпалдастығы мен сенімін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Зерттеу көрсеткендей, мәдени дипломатияны цифрлық кеңістік арқылы дамыту мүмкіндігі жоғары. Онлайн мәдени іс-шаралар, виртуалды көрмелер, бірлескен медиа-жобалар (мысалы, деректі фильмдер, подкасттар) кең ауқымды аудиторияға жетуге мүмкіндік береді. Цифрлық дипломатия дәстүрлі тәсілдерге балама ретінде жаңа серпін бермек. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мәдени дипломатияны цифрлық кеңістік арқылы дамыту – заманауи халықаралық қатынастардағы тиімді және үнемді құралдардың бірі. Онлайн мәдени іс-шаралар, виртуалды көрмелер мен бірлескен медиа-жобалар мәдени ықпалдастықты кең аудиторияға жеткізумен қатар, географиялық және қаржылық шектеулерді айналып өтуге мүмкіндік береді. Цифрлық дипломатия (немесе цифрлық “жұмсақ күш”) – бұл елдің имиджін, құндылықтарын және мәдениетін интернет пен медиа құралдары арқылы ілгерілету, әрі халықаралық аудиториямен интерактивті қатынас орнату тәсілі.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени дипломатияның өңіраралық диалогты дамытудағы маңызы артып келе жатқаны анықталды. Мәдени дипломатия қазіргі әлемдегі елдер арасындағы сенімді, өзара түсіністікті және бейбіт қатар өмір сүру қағидаттарын нығайтатын маңызды құрал ретінде танылып отыр. Мәдени дипломатия – Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы ынтымақтастықтың маңызды әрі болашағы зор бағыты. Ол саяси және экономикалық қатынастарды тереңдетуге, халықтар арасындағы достықты нығайтуға, сондай-ақ халықаралық имиджді жақсартуға ықпал етеді. Қазіргі байланыстар жүйелі сипатқа ие емес және көбінесе жеке бастамалармен шектеледі. Екі аймақ арасындағы мәдени серіктестікті институционалдық деңгейде қолдауды және үйлестіруді қажет етеді. Тілдік, мәдени және инфрақұрылымдық кедергілер – ынтымақтастықты кеңейтудегі негізгі қиындықтар болып табылады. Алайда бұл шектеулерді ортақ білім беру бағдарламалары, аударма жобалары мен мәдени платформалар арқылы жеңуге болады. Цифрлық дипломатия жаңа мүмкіндіктер көзі деп санаймыз. Онлайн форматтағы іс-шаралар, виртуалды мәдени көрмелер мен цифрлық контент алмасу өңіраралық байланысты кеңейтуге серпін береді. Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің сыртқы саяси стратегиясында мәдени дипломатияны кешенді түрде дамыту қажет. Бұл бағытта көпжақты ұйымдар, үкіметаралық форумдар және білім мен мәдениет саласындағы бірлескен бастамалар маңызды рөл атқара алады.

Ең алдымен, тарихи сабақтастық, яғни Ұлы Жібек жолы кезеңіндегі мәдени алмасулар қазіргі заманғы мәдени дипломатия үшін табиғи негіз қалыптастырады. Бұл байланыстар ежелгі сауда жолдары арқылы тек экономикалық емес, рухани, діни, көркемдік және білім салаларында да жүзеге асқан.

Алайда кеңестік кезеңдегі геосаяси оқшаулану бұл қатынастардың үзілгеніне себеп болды. Тек соңғы онжылдықтарда, әсіресе жаһандану мен көпвекторлы сыртқы саясат жағдайында Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы өзара іс-қимыл жаңаша серпін алды. Мысалы, Қазақстан мен Малайзия, Индонезия, Вьетнам сынды елдер арасындағы мәдени және білім беру ынтымақтастығы жекелеген жобалар мен бастамалар арқылы дами бастады.

Дегенмен, мәдени дипломатия әлі де жүйелі сипат ала қойған жоқ. Бұл салада бірнеше өзекті мәселе анықталды – қарым-қатынас негізінен жекелеген университеттер мен беймемлекеттік ұйымдардың бастамасына тәуелді. Мемлекеттік деңгейдегі тұрақты саясат немесе аймақтық мәдени стратегиялар жетіспейді. Менталитеттік, тілдік және институционалдық айырмашылықтар өзара түсіністіктің орнауына кедергі келтіреді. Ортақ платформалар мен мәдени хабтардың болмауы – бұл салада институционалдық негіздің әлсіздігін көрсетеді. Қаржыландыру тапшылығы мен тұрақты механизмдердің жоқтығы көптеген маңызды бастамалардың тоқтап қалуына себеп болуда.

Сонымен қатар, зерттеу көрсеткендей, мәдени дипломатияның цифрлық кеңістікте дамуы ерекше мүмкіндік береді. Виртуалды көрмелер, подкасттар, онлайн-форумдар, бірлескен медиажобалар дәстүрлі тәсілдерге балама ретінде кең аудиторияны қамтуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жастар арасында мәдени танымды арттыруға тиімді құрал бола алады. Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы мәдени дипломатия әлеуеті жоғары, бірақ оның дамуы фрагментарлы сипатта. Жүйелі дамуға қол жеткізу

үшін мемлекетаралық, көпжақты мәдени стратегиялар қажет. Ортақ мәдени форумдар, өңіраралық зерттеу орталықтары және цифрлық мәдени платформалар құру қажет. Цифрлық дипломатия – болашақтың шешуші бағыты. Бұл форматта жастарды, креативті салаларды, университеттерді және медианы кеңінен тарту керек. Жалпы ұсыныстар ретінде: «OCASEA» (OCA – Central Asia, SEA – Southeast Asia) форматында тұрақты мәдени диалог платформасын құру; ЖОО-лар арасында “Digital Culture Exchange Program” бастамасын жолға қою; UNESCO, ASEAN, ACD, EU сияқты халықаралық ұйымдар аясында бірлескен мәдени гранттық бағдарламалар әзірлеу; екі өңірдің CIM, мәдениет министрліктері арасында мәдени дипломатия бойынша тұрақты жұмыс тобын құру секілді біршама ұсыныстарды біршама эффективті және уникалды түрде жетілдіру мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Мәдени дипломатияны нығайту – Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы өзара сенімді тереңдетіп, өңіраралық ынтымақтастықтың барлық деңгейлерінде – саяси, экономикалық, білім беру мен гуманитарлық салада – ұзақ мерзімді әріптестіктің іргетасын қалау мүмкіндігін береді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Нағышбекқызы А. – зерттеудің негізгі эмпирикалық және талдамалық бөлігін орындады. Ол Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы мәдени дипломатия тәжірибесіне қатысты дереккөздерді жинақтап, салыстырмалы талдау жүргізді. Мәдени ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын (білім беру, жастар алмасуы, туризм, креативті индустриялар, цифрлық мәдени жобалар) жүйелеп, олардың өңіраралық диалогты нығайтудағы рөлін айқындады. Сондай-ақ мәдени дипломатияны іске асыру барысында туындайтын проблемаларды талдап, оларды шешуге бағытталған практикалық ұсыныстарды әзірлеп, мақаланың негізгі мәтінін дайындады және оны техникалық рәсімдеді.

Нурдаuletova С.М. – ғылыми мақаланың жазылуына бағыт-бағдар беріп, мақсат-міндеттерін айқындады, зерттеудің жалпы ғылыми тұжырымдамасын айқындап, мақаланың теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Tansen Sen (2003) “Buddhism, Diplomacy, and Trade: The Realignment of Sino-Indian Relations, 600-1400”, University of Hawaii Press, pp. 123.
2. H.A.R. Gibb (transl.) (2004) “Ibn Battuta: Travels in Asia and Africa”, Dover Publications, p. 42.
3. Martha Brill Olcott (1996) “Central Asia’s New States: Independence, Foreign Policy, and Regional Security”, United States Institute of Peace, p. 65.
4. ASEAN Secretariat. ASEAN Regional Forum Overview. Available via the link: <https://aseanregionalforum.asean.org> (Accessed: 03 December 2024).
5. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan’s Foreign Policy Concept 2020-2030. Available via the link: https://www.akorda.kz/en/legal_acts/decrees/on-the-concept-of-the-foreign-policy-of-the-republic-of-kazakhstan-for-2020-2030 (Accessed: 03 December 2024).
6. Boao Forum for Asia. Annual Reports and Proceedings. Available via the link: <http://english.boaoforum.org> (Accessed: 03 December 2024).
7. Joseph Nye (2004) “Soft Power: The Means to Success in World Politics”, Public Affairs, p. 13.
8. Қазақстан мәдениетінің Вьетнамда таныстырылуы. Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://kaz.inform.kz> (қаралған күні: 03 December 2024).

9. Nazarbayev University. International Cooperation Reports, 2022. Available via the link: <https://issai.nu.edu.kz/wp-content/uploads/2023/02/annual-report-2022.pdf> (Accessed: 03 December 2024).
10. Tourism Authority of Thailand. Annual Tourism Statistics, 2024. Available via the link: <https://roadgenius.com/statistics/tourism/thailand/> (Accessed: 03 December 2024).
11. Qazaq TV. Asia-Pacific Cultural Content Strategy. Available via the link: <https://qazaqtv.com> (Accessed: 03 December 2024).
12. Ministry of Higher Education of Malaysia. Malaysia–Central Asia Academic Exchange Report, 2023. Available via the link: <https://documents1.worldbank.org/curated/en/099101023140578441/pdf/P1790811f2f765ea101eb142301abf0100a90db82451.pdf> (Accessed: 03 December 2024).
13. ASEAN Secretariat. Annual Report, 2022. Available via the link: <https://asean.org/wp-content/uploads/2023/07/NEW-FINAL-ASEAN-Annual-Report-2022-2023.pdf> (Accessed: 03 December 2024).
14. VNA (Vietnam News Agency). Vietnam–Central Asia Bilateral Ties, 2023. Available via the link: <https://en.vietnamplus.vn/vietnam-kazakhstan-upgrade-bilateral-ties-to-strategic-partnership-post318731.vnp> (Accessed: 03 December 2024).
15. UNESCO Bangkok. Cultural Exchange and Youth Mobility in Asia-Pacific Report, 2021. Available via the link: <https://www.unesco.org/en/articles/putting-peace-heart-education-asia-pacific> (Accessed: 03 December 2024).
16. Ministry of Foreign Affairs of Kazakhstan. Cultural Cooperation Agreements Database, 2022. Available via the link: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=en> (Accessed: 03 December 2024).
17. Asia Foundation. Asia Connectivity Dialogue Conference Report, 2020. Available via the link: https://asiafoundation.org/wp-content/uploads/2020/07/2020-Annual-Report_The-Asia-Foundation.pdf (Accessed: 03 December 2024).
18. Kazakh Ministry of Culture. Annual Implementation Review, 2022. Available via the link: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam?lang=en> (Accessed: 03 December 2024).
19. ADB. Strategy 2030 Sector Focus: Culture and Development, 2021. Available via the link: <https://www.adb.org/sites/default/files/institutional-document/435391/strategy-2030-main-document.pdf> (Accessed: 03 December 2024).

А. Нагышбеккызы, С.М. Нурдавлетова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

(E-mail: ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com, saniyanm83@mail.ru)

Роль культурной дипломатии в формировании межрегионального диалога между Центральной Азией и Юго-Восточной Азией

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается значение культурной дипломатии в формировании и укреплении межрегионального диалога между странами Центральной Азии и Юго-Восточной Азии. В условиях глобализации культурные связи приобретают особое значение не только на национальном, но и на региональном и межрегиональном уровнях. Культурная дипломатия – это инструмент «мягкой силы», направленный на формирование доверия и взаимопонимания через продвижение национальных культурных ценностей, языка, традиций и исторического наследия. В статье описываются основные направления культурного сотрудничества между странами ЦА и ЮВА: организация культурных мероприятий и фестивалей, партнерство в сфере образования и науки, обмен молодежью и студентами, а также совместные проекты в сфере туризма и креативной индустрии. Целью этого взаимодействия

является углубление связей между народами, укрепление доверия между регионами и развитие долгосрочного стратегического партнерства. Примеры официальных и неофициальных программ культурного обмена между странами ASEAN и Центральной Азии, проведение совместных форумов, реализация проектов при поддержке международных организаций (ЮНЕСКО, ISESCO) иллюстрируют институциональные основы культурной дипломатии. Также рассматриваются возможности цифровой эпохи – виртуальные выставки, онлайн-культурные фестивали, совместные кинопроекты и использование социальных медиа открывают новые формы культурного взаимодействия. В статье также анализируются проблемы и ограничения, возникающие в процессе реализации культурной дипломатии, включая языковые и менталитетные различия, недостаточную институциональную поддержку и ограниченность финансовых ресурсов, а также предлагаются возможные пути их преодоления.

Ключевые слова: Центральная Азия, Юго-Восточная Азия, культурная дипломатия, межрегиональный диалог, ASEAN, мягкая сила, ЮНЕСКО.

A. Nagyshbekkyzy, S.M. Nurdavletova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

(E-mail: ayazhannagyshbekkyzy149@gmail.com, saniyanm83@mail.ru)

The Role of Cultural Diplomacy in Forming Interregional Dialogue between Central Asia and Southeast Asia

Abstract. This article comprehensively explores the importance of cultural diplomacy in shaping and strengthening interregional dialogue between the countries of Central Asia and Southeast Asia. In the context of globalization, cultural relations are becoming increasingly significant not only at the national level, but also at regional and interregional levels. Cultural diplomacy represents a form of “soft power” that fosters trust and mutual understanding through the promotion of national cultural values, languages, traditions, and historical heritage. The article outlines the main areas of cultural cooperation between CA and SEA countries, including the organization of cultural events and festivals, partnerships in education and science, youth and student exchanges, as well as joint initiatives in tourism and creative industries. The objectives of this cooperation are to deepen people-to-people connections, strengthen trust between the regions, and promote long-term strategic partnership. Examples of both official and informal cultural exchange programs between ASEAN and Central Asian countries, joint forums, and projects carried out through international organizations (UNESCO, ISESCO) are presented to illustrate the structural foundations of cultural diplomacy. The article also highlights the opportunities of the digital era – such as virtual exhibitions, online cultural festivals, joint film productions, and the use of social media – as new forms of cultural engagement. Furthermore, the paper analyzes challenges and constraints in implementing cultural diplomacy, including linguistic and cultural differences, lack of institutional support, and limited financial resources, and suggests possible solutions for overcoming them.

Keywords: Central Asia, Southeast Asia, cultural diplomacy, interregional dialogue, ASEAN, soft power, UNESCO.

References

1. Tansen Sen (2003) “Buddhism, Diplomacy, and Trade: The Realignment of Sino-Indian Relations, 600-1400”, University of Hawaii Press, pp. 123.

2. H.A.R. Gibb (transl.) (2004) "Ibn Battuta: Travels in Asia and Africa", Dover Publications, p. 42.
3. Martha Brill Olcott (1996) "Central Asia's New States: Independence, Foreign Policy, and Regional Security", United States Institute of Peace, p. 65.
4. ASEAN Secretariat. ASEAN Regional Forum Overview. Available via the link: <https://aseanregionalforum.asean.org> (Accessed: 03 December 2024).
5. Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan's Foreign Policy Concept 2020-2030. Available via the link: https://www.akorda.kz/en/legal_acts/decrees/on-the-concept-of-the-foreign-policy-of-the-republic-of-kazakhstan-for-2020-2030 (Accessed: 03 December 2024).
6. Boao Forum for Asia. Annual Reports and Proceedings. Available via the link: <http://english.boaoforum.org> (Accessed: 03 December 2024).
7. Joseph Nye (2004) "Soft Power: The Means to Success in World Politics", Public Affairs, p. 13.
8. Kazakstan madenietinin V'etnamda tanystyrylyu. Silteme arkyly kol zhetimdi: <https://kaz.inform.kz> [karalghan kyni: 03 December 2024]. [in Kazakh]
9. Nazarbayev University. International Cooperation Reports, 2022. Available via the link: <https://issai.nu.edu.kz/wp-content/uploads/2023/02/annual-report-2022.pdf> (Accessed: 03 December 2024).
10. Tourism Authority of Thailand. Annual Tourism Statistics, 2024. Available via the link: <https://roadgenius.com/statistics/tourism/thailand/> (Accessed: 03 December 2024).
11. Qazaq TV. Asia-Pacific Cultural Content Strategy. Available via the link: <https://qazaqtv.com> (Accessed: 03 December 2024).
12. Ministry of Higher Education of Malaysia. Malaysia–Central Asia Academic Exchange Report, 2023. Available via the link: <https://documents1.worldbank.org/curated/en/099101023140578441/pdf/P1790811f2f765ea101eb142301abf0100a90db82451.pdf> (Accessed: 03 December 2024).
13. ASEAN Secretariat. Annual Report, 2022. Available via the link: <https://asean.org/wp-content/uploads/2023/07/NEW-FINAL-ASEAN-Annual-Report-2022-2023.pdf> (Accessed: 03 December 2024).
14. VNA (Vietnam News Agency). Vietnam–Central Asia Bilateral Ties, 2023. Available via the link: <https://en.vietnamplus.vn/vietnam-kazakhstan-upgrade-bilateral-ties-to-strategic-partnership-post318731.vnp> (Accessed: 03 December 2024).
15. UNESCO Bangkok. Cultural Exchange and Youth Mobility in Asia-Pacific Report, 2021. Available via the link: <https://www.unesco.org/en/articles/putting-peace-heart-education-asia-pacific> (Accessed: 03 December 2024).
16. Ministry of Foreign Affairs of Kazakhstan. Cultural Cooperation Agreements Database, 2022. Available via the link: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa?lang=en> (Accessed: 03 December 2024).
17. Asia Foundation. Asia Connectivity Dialogue Conference Report, 2020. Available via the link: https://asiafoundation.org/wp-content/uploads/2020/07/2020-Annual-Report_The-Asia-Foundation.pdf (Accessed: 03 December 2024).
18. Kazakh Ministry of Culture. Annual Implementation Review, 2022. Available via the link: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mam?lang=en> (Accessed: 03 December 2024).
19. ADB. Strategy 2030 Sector Focus: Culture and Development, 2021. Available via the link: <https://www.adb.org/sites/default/files/institutional-document/435391/strategy-2030-main-document.pdf> (Accessed: 03 December 2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Нағышбекқызы А. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Нурдаuletova С.М. – хат-хабарға жауапты автор, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Нағышбекқызы А. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Нурдаuletova С.М. – автор для корреспонденции, кандидат исторических наук, и.о.профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Nagyshbekkyzy A. – PhD doctoral student, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Nurdavletova S.M. – corresponding author, Candidate of Historical Sciences, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).